SHARP

Тоңазытқыш – мұздатқыш
Пайдалану жөніндегі
нұсқаулық

«Plasmacluster» және «Device of a cluster of grapes» Sharp корпорациясының тауар белгілері болып табылады.

SJ-XG55PM
SJ-XG60PM
SJ-XG60PG

Мазмұны

- Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат KZ-1
- Орнату KZ-2
- Сипаттауы KZ-3
- Пайдалы режимдер KZ-5
- Басқару панелі (SJ-XP59PG) KZ-6
- Басқару панелі (SJ-XE55PM, SJ-XE59PM) KZ-8
- Өнімдерді сақтау KZ-10
- Күтім көрсету және тазалау KZ-11
- Сервис қызметіне жүгіну алдында KZ-12

4783940

ӨНІМДІ СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

ШАРП ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШЫ
ҮЛГІСІ SJ-XG55PM, SJ-XG60PM
SJ-XG60PG
ТЕСТБЭТ компаниясымен сертификатталған

(Мемлтізілімде тіркелген нөмірі - РОСС RU.0001.11 ME10)

үлгісі SJ-XG55PM SJ-XG60PM SJ-XG60PG нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келеді:	КО ТР 004/2011, КО ТР 020/2011

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Ресей Федерациясы заңының 5-бабын, сондай-ақ Ресей Федерациясы Үкіметінің 1997 жылғы 16 маусымдағы №720 Жарлығын орындау мақсатында осы үлгінің қолдану мерзімі – пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және қолданылатын техникалық стандарттарды қатаң сақтау талабы орындалған жағдайда өндірілген күннен бастап 7 жыл болып белгіленеді.

- **Электр тоғымен зақымданудан қорғаныс класы I**
- **Энергия тиімділігінің класы A++**
- **Атаулы кернеуі 220-240V~**
- **Атаулы жиілігі 50Hz**

Өндірілген күні сериялық нөмірде көрсетілген

SERIAL No. 3 1 0 1 0 1 2 3 4 5

Жылы	Айы
10 : 2010	01 : Қаңтар
11 : 2011	02 : Ақпан
12 : 2012	03 : Наурыз
13 : 2013	: :
: :	12 : Желтоқсан

Өндіруші-ел:
Таиландта өндірілген
Өндіруші фирма:
ШАРП Корпорейшн
Өндірушінің заңды мекенжайы:
1 Такуми-чо, Сакаи-ку, Сакаи Сити,
Осака префектурасы 590-8522, Жапония

Ресейге импорттаушы:
«Шарп Электроникс Раша» ЖШҚ
Мекенжайы:
Ресей, 105120, Мәскеу, 2-ші Сыромятнический тұйық көш., 1
Телефоны:
+7-495-899-00-77

ТОҢАЗЫТУ АСПАПТАРЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Өндіруші:	SHARP	
Үлгісі:	SJ-XG60PG SJ-XG60PM	*1
Электр энергиясының төмен шығыны	A++	*2
Электр энергиясының жоғары шығыны		
Электр энергиясын тұтыну, кВт. сағ/жыл	320	*3
Балғын өнімдерді сақтауға арналған жалпы көлем, дм³	422	*4
Мұздатылған өнімдерді сақтауға арналған көлем, дм³	178	*5
Ең суық бөлімшенің таңбалау нышандары	***	

*1	*2	*3	*4	*5
SJ-XG55PM	A++	320	394	162

Ұсынылған сақтау шарттары

- Ауа температурасы: -10 °C - + 40 °C
- Ылғалдылық: 70% артық емес

Сатып өткізу шарттары

- Сатып өткізу ережелері мен шарттары өндірушімен белгіленбеген және тауарды сатып өткізетін елдің ұлттық және/немесе жергілікті заңнамасына сәйкес келуі тиіс.

Тасымалдау шарттары

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

- Тиіссіз түрде тасымалдау нәтижесінде жарақат алу және зақымдану қаупі бар.
- Тоңазытқышты қаптамада тасымалдау керек.
- Тоңазытқышты тік күйінде тасымалдау керек.
- Қаптамада көрсетілген манипуляциялық белгілерді сақтаңыз.

Осы SHARP бұйымын сатып алғаныңыз үшін Сізге алғыс білдіреміз. SHARP тоңазытқышын пайдаланар алдында, өтінеміз, құрылғыны барынша тиімді пайдалану үшін осы нұсқаулықтың мазмұнын мұқият оқыңыз.

- Бұл тоңазытқыш мұз текшелерін жасау, тамақ өнімдерін салқындату және мұздату үшін тағайындалған.
- Тоңазытқыш кестеде көрсетілген қоршаған орта температурасы шегінде тұрмыста қолдануға ғана арналған. Климаттық класс техникалық деректері бар тақтайшада көрсетілген.
- Осы үлгінің климаттық класына сәйкес келмейтін жағдайларда (қоршаған орта ауқымының шегінен тыс) пайдалану тоңазытқыштың ішкі температурасын қолдау қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін. Аса төмен температураларда пайдаланған кезде тоңазытқыштың зақымдану қауіпі температура +5°C жеткен кезге дейін болмайды.
- Температура –10°C немесе одан да төмен кезінде тоңазытқышты ұзақ уақыт бойы пайдалануға тыйым салынады.

Тек тұрмыста пайдалану үшін ғана

Климаттық класс	Қоршаған орта температурасының рұқсат етілген ауқымы
SN	+10 °C бастап +32 °C дейін
N	+16 °C бастап 32 °C дейін
ST	+16 °C бастап +38 °C дейін
T	+16 °C бастап +43 °C дейін

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат

⚠	**ЕСКЕРТУ**	Өлімнің немесе елеулі жарақат алуының жоғары қауіпін білдіреді.
⚠	**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ**	Материалдық залалдың немесе жарақат алуының жоғары қауіпін білдіреді.

⚠ ЕСКЕРТУ

Салқындатқыш агент

Осы тоңазытқыштың құрылымында жанғыш салқындатқыш агент (R600a: изобутан) және оқшаулағыш газ (циклопентан) бар. Тұтану мен жарылуды болдырмау үшін төменде келтірілген нұсқауларды орындаңыз.

- Үшкір шеттері бар заттардың салқындату жүйесімен түйісуін болдырмаңыз. Тоңазытқыштың артқы және ішкі жағындағы салқындату жүйесінің құрамында салқындатқыш агент бар.
- Еріту процесін тездету үшін механикалық немесе басқа да құралдарды қолданбаңыз. (Осы тоңазытқыш автоматты еріту жүйесімен жабдықталған).
- Электр құрылғыларын тоңазытқыштың ішінде пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштың айналасында жеткілікті кеңістікті бұғаттамаңыз.
- Тоңазытқыштың жанында, мысалы, аэрозольді бояу секілді тұтанатын спрейлерді пайдаланбаңыз.
- Тоңазытқыштың ішінде, мысалы, аэрозольді бояу секілді тұтанатын спрейлерді сақтамаңыз.
- Салқындату жүйесінің жұмысында ірікіліс болған жағдайда қабырғалық розетканы және ашық от көздерін пайдаланыңыз. Терезені ашыңыз және орынжай ішіне ауа кіргізіңіз. Кейін SHARP авторизацияланған сервис агентіне хабарласыңыз.

Орнату

- Тоңазытқышты салқын немесе ылғалды жерде орнатпаңыз. Бұл оқшаулаудың зақымдануына немесе тоқтың жылыстауына әкеп соқтыруы мүмкін. Корпустың сыртқы қабатында да конденсат түзілуі мүмкін, ол тоттанудың пайда болуына себеп болады.
- Тоңазытқышты тегіс және тұрақты еден бетіне орнатыңыз.

Қуаттау баусымы, ашасы, розеткасы

Электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін төменде келтірілген нұсқауларды мұқият оқып танысыңыз.

- Қуаттау ашасын тура қабырғалық розеткаға сенімді түрде қосыңыз. Ұзартқыштарды немесе жалғастырғыш тетіктерді пайдаланбаңыз.
- Қуаттау ашасын тиісті атаулы кернеуі бар розеткаға қосыңыз.
- Жерге тұйықтау түйіспесін жерге тұйықтау қысқышына сенімді түрде қосыңыз.
- Орнату немесе орнын ауыстыру барысында қуаттау баусымының зақымдануын болдырмаңыз. Қуаттау ашасы немесе баусымы босатылған жағдайда ашаны розеткаға қоймаңыз.
- Қуаттау баусымын ылғалды қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны негізгі қуаттау желісінен ажырату үшін ашаны розеткадан суырып алыңыз. Қуаттау баусымын тартпаңыз.
- Қуаттау баусымындағы шаң шөгінділері тұтануға әкеп соқтыруы мүмкін. Оны абайлап сүртіп жіберіңіз.
- Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт пайдаланбаса, ашаны розеткадан суырып алыңыз.
- Зақымданған иілгіш қуаттау баусымы SHARP авторизацияланған сервис орталығының агентімен ауыстырылуы тиіс, себебі осындай жағдайда арнайы баусым қажет болады.

Пайдалану барысында

- Тоңазытқыштың ішінде ұшпа және тұтанатын заттарды, мысалы, эфир, бензин, пропан, аэрозоль баллондарын, жабысқақ заттарды, таза спирт және т. б. сақтамаңыз. Осы материалдар оңай жарылады.
- Температура өзгеруіне сезгіш өнімдерді, мысалы, фармацевтикалық препараттарды тоңазытқыштың ішінде сақтамаңыз. Осы өнімдердің сапасы өзгеруінің жоғары қауіпі бар.
- Осы тоңазытқышты өзгертуге немесе түрлендіруге талпынбаңыз. Бұл тұтануға, электр тоғымен зақымдануға немесе жарақат алуға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тоңазытқыш үстіне бөтен заттарды қоймаңыз. Құлаған жағдайда осы заттар жарақат келтіруі мүмкін.
- Шыны есікшелерді жауып, қатты тарсылдатпаңыз. Есікшелер қирап, денеге жарақат келтіруі мүмкін. <Тек SJ-XG60PG үшін ғана>
- Құрылғыны 8 жасқа толған немесе одан да үлкен балалар және тиісті қадағалау болған немесе құрылғыны қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орындаған немесе осымен байланысты қауіптілікті түсінген жағдай сақталғанда дене, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалар, сондай-ақ қажетті тәжірибесі мен білімі болмаған тұлғалар пайдалануы мүмкін. Балалар құрылғымен ойнамауы тиіс. Тиісті қадағалау болмағанда балалар тазарту мен қызмет көрсетпеуі тиіс.

Күтім көрсету және тазалау

- Электр тоғымен зақымдануды болдырмау үшін ең алдымен тоңазытқышты қуаттау желісінен ажыратыңыз.
- Су тамшыларының корпустың сыртқы немесе ішкі бөлігіне түсуіне жол бермеңіз. Бұл тоттың түзілуіне немесе электр оқшаулау сапасының төмендеуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Мәселе

- Егер сіз жану иісін сезінетін болсаңыз, дереу қуаттау ашасын розеткеден суырып алыңыз. Кейін SHARP авторландырылған сервис агентіне хабарласыңыз
- Газ жылыстаған жағдайда терезені ашып, орынжайды желдетіңіз. Тоңазытқышқа немесе қуаттау розеткасына тимеңіз.

Кәдеге жарату

- Тоңазытқыш кәдеге жарату алдында сақтау барысында балалар үшін қауіп төндірмейтініне көз жеткізіңіз (мысалы, ішінде балалардың жабылуын болдырмау үшін есікшені алып тастаңыз).
- Осы тоңазытқыш белгіленген тәртіппен кәдеге жаратылуы тиіс. Тоңазытқышты салқындатқыш агент пен оқшаулағыш газды кәсіби өңдеу жөнінде зауытқа тапсырыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Тасымалдау

- Тоңазытқышты орнату немесе орнын ауыстыру кезінде еденнің беткі қабатын зақымданудан қорғау үшін бетонға арналған төсеніште пайдаланыңыз.
- Тоңазытқышты жылжытқан кезде артқы және төменгі бетінде орналасқан тұтқалардан ұстаңыз. Тоңазытқышты жарамсыз көтеру жарақат алуға әкеп соқтыруы мүмкін.



Пайдалану барысында

- Компрессорға немесе оның шеткері бөліктеріне қол тигізбеңіз, себебі пайдалану барысында олар қатты қызады, ал металлды жиектері жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.
- Мұздату камерасындағы тамақты немесе металлды контейнерлерді ылғалды қолмен ұстамаңыз. Бұл үсуге әкеп соқтыруы мүмкін.
- Бөтелкелердегі және қақылтыр банкілердегі сусындарды мұздату камерасына қоймаңыз. Шыны шытынауының әсіресе, экспресс-салқындату режимінде өте жоғары қауіпі бар.
- Мұз текшелерін әзірлеу үшін ауыз суды ғана пайдаланыңыз.
- Егер біреу есіктің жанында қолын қойған болса, есікті ашпаңыз және жаппаңыз. Басқа адамдардың саусақтарын қысып қалу қауіпі бар.
- Өте үлкен өлшемдегі заттарды есіктегі бөліктерге салмаңыз. Құлаған жағдайда осы заттар жарақат келтіруі мүмкін.
- Шыны сөрелерін орнату мен алып тастау кезінде абай болыңыз. Құлаған жағдайда шыны сөрелер қирау немесе жарақат келтіруі мүмкін.

Орнату

Бөлек тұратын үлгі

1 Желдету үшін тоңазытқыштың айналасында жеткілікті орын қалдырыңыз.

- Суретте тоңазытқышты орнатқан кезде ең аз қажет болатын саңылау көрсетілген. Энергияны тұтыну деңгейін өлшеу әртүрлі саңылау жағдайларында жүргізілген.
- Егер саңылау үлкен болса, тоңазытқыш шамалы энергия тұтынуы мүмкін.
- Суретте көрсетілгенмен салыстырғанда саңылауын шамалы қалдырып, тоңазытқышты пайдалану құрылғыдағы температураның асып кетуіне, жұмыс істеген және жарамсыз кезінде шу деңгейінің өсуіне әкеп соқтыруы мүмкін.
- Тоңазытқыштың артқы панелі мен қабырға арасындағы қашықтық 50 мм немесе одан артық, бірақ 75 мм аспайтындай болуы тиіс. Егер осы кеңістік 75 мм-ден асып кеткен болса, компрессорға немесе оның шеткері компоненттеріне қол тигізген себебінен жарақат алу қауіпі туындайды, себебі пайдалану барысында олар қатты қызады.



Пайдалану кезінде қажетті жалпы кеңістік



2 Тоңазытқышты еденде көлденең және тұрақты орнату үшін алдыңғы екі реттелетін аяқшаны пайдаланыңыз.



3 Құрылғыны дұрыс орнатылған розеткеге қосыңыз.

Ескертпе

- Тоңазытқышты, оның қуаттау ашасына еркін қолжетімділік болатындай орналастырыңыз.
- Тоңазытқышты тікелей күн сәулелерінің әсері болатын жерге немесе жылу беретін құрылғылардың жанында орнатпаңыз.
- Тоңазытқышты тура жерге қоймаңыз. Тоңазытқыштың астына тиісті түпқойма, мысалы, ағаш қалқанды салыңыз.
- Есік ашық тұрғанда қуаттау ашасын розеткеге қосқан кезде дыбыстық сигнал естіледі, бірақ бұл қалыпты жағдай. Есікті жапқаннан кейін дыбыс басылады.

Тоңазытқыштың төменгі беткі қабатында доңғалақтары бар

- Олар тоңазытқышты алдына және артына қарай жылжыту мүмкіндігін береді.



Доңғалақтар (4 дана.)

Тоңазытқышты пайдаланар алдында

- Ішкі компоненттерін жылы сумен суланған майлықпен сүртіп жіберіңіз.
- Егер тазарту үшін сабынды су пайдаланылатын болса, оны таза сумен мұқият шайыңыз.

Сипаттауы



SJ-XG60PG SJ-XG60PM



SJ-XG55PM

1. Мұздату камерасының шамы
2. Алынбалы мұз генераторы
<Тек SJ-XG55PM үшін ғана>
3. Мұздату камерасының сөресі (жоғарғы)
4. Мұздату камерасының сөресі (төменгі)
5. Мұздату камерасының жәшігі
Өнім өлшеміне байланысты арақабырғасын жылжытыңыз.



6. Балғындық аймағының екі жақ есікшесі
7. Балғындық аймағының сөресі
8. Дезодоратор
Иіс кетіретін шапшаңдатқыш салқын ауа ағындары өтетін жерде орнатылған. Ол басқару мен тазартуды талап етпейді.
9. Тоңазытқыштың шамы
10. Тоңазытқыш сөресі
11. Гибридті салқындатушы панель
Панель тоңазыту камерасын артынан жанама салқындатуын қамтамасыз етеді. Осының арқасында тікелей суық ауа ағының әсерінсіз тамақ өнімдерін жұмсақ салқындату жүзеге асырылады.
12. Жемістер мен көкөністерге арналған сөре
13. Жемістер мен көкөністерге арналған контейнер
14. Реттелетін аяқша
15. Есікшенің магнитті тығыздауышы
16. Басқару панелі
17. Мұздату камерасы есігінің қалтасы
18. Ішкі мұз генераторы
<Тек SJXG60PG, SJ-XG60PM үшін ғана>
(Осы мұз генераторы мұздату камерасының ішіне қапталған. Орнату нұсқаулары келесі бетте, «Тазартудан кейін» тарауында келтірілген).
19. Суға арналған стақан
<Тек SJXG60PG, SJ-XG60PM үшін ғана>
(Суға арналған стақан мұздату камерасы ішінде болады. Стақанды міндетті түрде жоғары көрсетілген күйіне орнатыңыз).



20. Жұмыртқаларға арналған науа
21. Тоңазыту камерасы есігінің қалтасы (жоғарғы)
22. Бөтелкелерге арналған бөлік
23. Тоңазыту камерасы есігінің қалтасы (жоғарғы)
Үлкен өнімдерді тоңазытқышта сақтау
- Сізге жоғарыдағы суретте 2, 3, 5, 6, 7, 10, 13, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 цифрлармен белгіленген кез келген сөрені немесе есік қалташасын алып тастауыңызға болады.
- Бұл арада салқындату тиімділігі төмендемейді.

Балғындық аймағының Two-way fresh room door екі жақ есікшесі

Ашық



Кеңістікті тоңазыту камерасы ретінде пайдаланыңыз.

Жабық



Кеңістікті балғындық аймағы ретінде пайдаланыңыз.

Балғындық аймағының екі жақ есікшесін қалай ашуға болады

1) Есікшені көтеріңіз.
2) Есікшені рамаға қондырыңыз және оны тоқтатқышқа кері орнатыңыз. Есікше дұрыс жабылған.



Ішкі мұз генераторы (SJ-XG60PG, SJ-XG60PM)

Мұз текшелерін әзірлеу

1) Су мөлшерін өлшеу үшін стақанды пайдаланыңыз.



2) Суға арналған стақан көмегімен ішкі генераторға су құйыңыз.



3) Мұз текшелерін әзірлегеннен кейін текшелерді арнайы контейнерге түсіру үшін иінтіректі сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.
4) Мұз текшелерін алу үшін контейнер алып шығарыңыз.



Ескертпе

- Мұз текшелеріне арналған контейнердің зақымдануын болдырмау үшін оған май құймаңыз және оны мұз әзірлеу үшін пайдаланбаңыз.
- Мұз текшелерін әзірлеу уақытында мұздату камерасының есікшесін ашуға талпынбаңыз.

Ішкі мұз генераторын тазарту

- Мұз текшелеріне арналған контейнерді алдын ала босатыңыз.

1) Оны шығару үшін ішкі мұз генераторы жоғары қарай тартыңыз.



2) Мұзға арналған науаны алып шығарыңыз.
3) Мұз текшелеріне арналған контейнерді алып шығарыңыз.
4) Ішкі мұз генераторын алып тастау үшін дөңес жерін басыңыз.



Ескертпе

- Мұзға арналған науаны ыдыс жуғыш машинаға салмаңыз. Бұл тығыздауыштардың зақымдануына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Тазартудан кейін

1) Ішкі мұз генераторын құрастырыңыз. (Алып тастау рәсімін кері тәртібімен орындаңыз).
2) Ішкі мұз генераторын сенімді түрде орнатыңыз.



<Иінтірек күйі>



Алынбалы мұз генераторы (SJ-XG55PM)

Мұз генераторын «Сипаттамасы» суретінде көрсетілгендей пайдалануды қадағала ұсынамыз. Сіз мұз генераторын мұздату камерасының кез келген жерінде орната аласыз.

1) Науаға өте көп су құймаңыз. Кері жағдайда қатқан кезде текшелер өзара жабысатын болады.
2) Мұз текшелерін әзірлегеннен кейін текшелерді арнайы контейнерге түсіру үшін иінтіректі сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.



Ескертпе

- Мұзға арналған науаның суын шалпылдатпау үшін мұз генераторын қатаң түрде көлденең орнатыңыз.
- Мұз текшелеріне арналған контейнердің зақымдануын болдырмау үшін оған май құймаңыз және оны мұз әзірлеу үшін пайдаланбаңыз.

Пайдалы режимдер

Пайдалану жөніндегі нұсқауларды «Басқару панелі» тарауында көрсетілген.

Қосымша салқындату
Тез мұздату
Тез салқындату



	Қосымша салқындату	Экспресс-мұздату	Экспресс-салқындату
Атқарым	Осы режим сусындар мен өнімдерді мұз күйіне дейін салқындатуға арналған. Ескертпе: Су мөлшері жоғары өнімдер қатып қалуы мүмкін.	Осы режим тамақ өнімдерін мұздату немесе мұз даярлау уақытын азайтады.	Осы режим сусындар мен өнімдерді жылдам салқындатуға арналған.
Пайдалануды орны	Балғындық аймағы	Мұздату камерасы	Мұздату камерасы НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Шыны бөтелкелерді қоймаңыз. Шытынау қауіпі өте жоғары.
Жұмыс уақыты	6 сағат *1	2 сағат *1	30 минут
	• Бұл режим автоматты түрде аяқталады. • Дыбыстық сигнал жоқ.		• Бұл режим автоматты түрде аяқталады. • Дыбыстық сигнал естіледі.
			Дыбыстық сигналды сөндіру *2 Енгізубатырмасын басыңыз. немесе Экспресс-мұздату батырмасын басыңыз.
Аяқтағаннан кейін	• Өнімдерді немесе сусындарды шығару қажет емес.		• Дыбыстық сигнал естілгенде өнімдер мен сусындарды алып шығарыңыз. • Егер сусындар мен өнімдерді мұздату камерасында шамамен 30 минутқа қалдырсаңыз, олар қатып қалуы мүмкін.
Жұмыс істеу барысында электр энергиясын сөндірген жағдайда	• Режим автоматты түрде сөнеді.		• Қуат беруді жаңғыртқаннан кейін режим алдыңғы күйінде автоматты түрде іске қайтадан қосылады.

*1 Егер операция ерітумен қатар жүргізілсе, артық уақыт қажет болуы мүмкін.
Бұл режим еріту аяқтағаннан кейін іске қосылады.
*2 Егер сіз дыбыстық сигналды сөндірмесеңіз, ол 30 минут ішінде үзіліссіз дыбысталатын болады.

Ескертпе
- Қосымша салқындату, экспресс-мұздату және экспресс-салқындату режимдерін бір мезгілінде пайдалану мүмкіндігі жоқ.
- Егер тоңазытқыш осы режимдерінің біреуімен жұмыс істейтін болса, мүмкіндігінше, есікті ашуға талпынбаңыз.

Plasmacluster

Тоңазытқыш ішінде тазалықты сақтау үшін осы атқарымды пайдаланыңыз.
Тоңазытқышты іске қосқан кезде Plasmacluster атқарымы автоматты түрде қосылады.
Тоңазытқыштың ішіндегі ионизатор тоңазыту камерасына иондарды өндіреді, олар тоңазыту камерасындағы оң және теріс иондардың біріктірілген массасы болып табылады.
Осындай ион кластерлері ауада болатын өңеш саңырауқұлақтарын бейтараптандырады.



Ескертпе
Тоңазытқыштың ішінде әлсіз иіс болуы мүмкін. Бұл озон иісі, ол ионизатормен өндіріледі. Озон мөлшері минималды, сондықтан ол тез кетеді.

«Босату» режимі

- Іссапарға кетсеңіз немесе үйді ұзақ уақытқа қалдырсаңыз, осы атқарымды пайдаланыңыз.
- Тоңазыту камерасының ішінде температура шамамен 10 °C дейін реттеледі.

Ескертпе
- Өнімдерді тоңазыту камерасының ішінде сақтау мерзімі шамамен әдеттегі мерзімнің 1/2-1/3 дейін азаяды.
- Өтінеміз, осы атқарымды тоңазытқыш ішінде тез бұзылатын өнімдер болмағанда ғана пайдаланыңыз. Тоңазыту камерасының температурасын өзгертуге болмайды.

Басқару панелі (SJ-XG60PG)



Басқару батырмалары

Температураны басқару белгішелері

Белгіше	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
F	Мұздату камерасы	–18°C
R	Тоңазыту камерасы	3°C

Пайдалы режимдердің белгішелері

Белгіше	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
	Қосымша салқындату	СӨНД
	Экспресс-мұздату	
	Экспресс-салқындату	
	Plasmacluster	
	«Босату» режимі	

Қосымша режимдер

Индикатор	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
	Ашық есікше туралы ескерту сигналы	ҚОСУ
	Батырманы басқан кезде дыбыстық сигнал	

Ескертпе

- Батырмалардың біреуін басқан кезде барлық белгішелер бір рет лап ете түседі де күту режимінің дисплейін көрсетеді.
- Күту режимінің дисплейінде пайдаланылатын режимнің белгішелері жанады. Егер экспресс-салқындату режимі пайдаланылатын болса, күту режимінің дисплейінде тиісті белгішесі жыпылықтайды.

Іске қосқан кезіндегі күйі

- Белсенді әрекеттер шамамен 1 минут ішінде болмаған жағдайда дисплей автоматты түрде күту режиміне ауысады. Тағы 1 минут ішінде пайдаланылмаған жағдайда дисплей сөнеді.
- Электр энергиясының іркілісі себебінен тоңазытқыш сөнген жағдайда қосымша салқындату, экспресс-мұздату және экспресс-салқындату режимдерін қоспағанда, қуаттауды жаңғыртқан кезде режимдер жұмысты бұрынғыша жалғастыра береді.

Пайдалы режимдерді пайдалану

1 Режим белгішесін таңдаңыз.

Ағымдағы теңшеу (осындай индикациялау «СӨНД» білдіреді).

2 ҚОСУ/СӨНД. басыңыз. Батырманы басып, опцияны іске қосуға немесе сөндіруге болады.

Теңшеу өзгертілген.

3 Теңшелімді орындаңыз.

батырмасын басқан кезде белгішелер төменде көрсетілген тәртіппен өзгереді.

Күту режимінің дисплейі

Тек экспресс-салқындату режимі ғана

3 Батырманы басып, оны 3 секунд немесе одан артық ұстап, теңшеуді орындаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал)

Қосымша режимдерді пайдалану

Ашық есікше туралы ескерту сигналы

- Егер тоңазытқыштың есікшесі 1 минуттан артық ашық болса, ашық есікше туралы ескерту сигналы бір рет естіледі, ол 1 минуттан кейін қайталанады.
- Егер есікше 3 минуттан артық ашық болса, ескерту сигналы үзіліссіз естіледі.
- Есікті жапқаннан кейін дыбыс басылады.

Сөндіру

Бір мезгілде және батырмаларын басыңыз және оларды 3 немесе артық секунд бойы ұстаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал)

Индикатор сөнеді.

Батырманы басқан кезде дыбыстық сигнал

- Әрбір батырманы басқан кезде электрлік дыбыстық сигнал естіледі.

Сөндіру

Бір мезгілде және батырмаларын басыңыз және оларды 3 немесе артық секунд бойы ұстаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал)

Индикатор сөнеді.

Ескертпе

Қосымша режимді іске қосу үшін осы рәсімді тағы бір рет қайталаңыз. (Индикатор іске қосылады).

ҚАЗАҚША

Температураны басқару

Тоңазытқыш температураны автоматты түрде бақылайды. Бірақ төменде келтірілген нұсқауларға сәйкес сіз оны реттей аласыз.

Ағымдағы температура параметрлерін қалай тексеруге болады

1





F немесе R белгішесін таңдаңыз.

Мұздату/тоңазыту камерасының параметрлерін теңшеу

1





F немесе R белгішесін таңдаңыз.


батырмасын басқан кезде белгішелер төменде көрсетілген тәртіппен өзгереді.



2





Температураны таңдаңыз. Теңшеу өзгертілген.

Мұздату камерасы
: –13 °C бастап –21 °C дейін ауқымында 1 °C қадамымен теңшеу

Тоңазыту камерасы
: 0 °C бастап 6 °C дейін ауқымында 1 °C қадамымен теңшеу

3





Теңшелімді орындаңыз.

Мұздату/тоңазыту камерасы параметрлерінің кеңейтілген теңшелімі

Мұздату камерасы мен тоңазыту камерасындағы температураны 0,5 °C қадамымен реттеуге болады, **a** бастап **c** дейін әрекеттерді орындаңыз.

a «Базалық операциялардың» **1**-әрекетін орындап, батырманы басыңыз және оны 3 секунд және одан артық уақыт ұстаңыз.
(Сигнал, сигнал, сигнал)
Ағымдағы алдын ала орнатылған температура бастапқы күйіне қайтып оралады.
(Дисплейдегі индикациялау оң жақ суретте көрсетілген).

b немесе батырмасын басыңыз және температураны орнатыңыз.

c Теңшелімді орындаңыз.
(«Базалық операциялардың» **3**-әрекеті).

Температураны 1°C қадамымен реттеу үшін **a** бастап **c** дейін әрекеттерді тағы бір рет орындаңыз.

Мұздату камерасы



Ауыстырып қосу



Тоңазыту камерасы



Басқару панелі (SJ-XG55PM, SJ-XG60PM)



Температураны басқару белгішелері

Батырма	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
F	Мұздату камерасындағы температураны басқару	MIN MAX COLDEST
R	Тоңазыту камерасындағы температураны басқару	

Ескертпе
- Барлық режимдер бұрыннан сөндірілген. Батырмалардың біреуін басқан кезде дыбыстық сигналдан кейін басқару панелі белсендіріледі.
- Батырмалардың біреуін басқан кезде пайдаланылатын режимнің индикаторы жанады. Егер экспресс-салқындату режимі пайдаланылса, индикаторы жыпылықтайды.
- Температура индикаторын іске қосу үшін басқару панелі белсенді болғанынша «F» немесе «R» батырмаларын басыңыз.

Пайдалы режимдердің белгішелері

Батырма	Мәні	Әдепкі түрде теңшелім
⬡	Қосымша салқындату	СӨНД
❄	Экспресс-мұздату	
	Экспресс-салқындату	
	«Босату» режимі	
—	Plasmacluster	ҚОС*

* Тоңазытқышты іске қосқан кезде Plasmacluster атқарымы автоматты түрде қосылады. Оны іске қосу немесе сөндіру керек.
- Белсенді әрекеттер шамамен 1 минут ішінде болмаған жағдайда дисплей автоматты түрде сөнеді.
- Электр энергиясының іркілісі себебінен тоңазытқыш сөнген жағдайда қосымша салқындату, экспресс-мұздату және экспресс-салқындату режимдерін қоспағанда, қуаттауды жаңғыртқан кезде режимдер жұмысты бұрынғыша жалғастыра береді.

Пайдалы режимдерді пайдалану

	Іске қосу	Болдырмау
Қосымша салқындату, Экспресс-мұздату, «Босату» режимі	Режим таңдау батырмасын басыңыз. (Сигнал) Жылтылдайды	Режим таңдау батырмасын басыңыз. (Сигнал) Сөндірулі
Экспресс-салқындату	Режим таңдау батырмасын басыңыз және оны 3 секунд немесе артық уақыт ұстаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал) Жыпылықтайды	Режим таңдау батырмасын басыңыз. (Сигнал) Сөндірулі

Ашық есікше туралы ескерту сигналы

- Егер тоңазытқыштың есікшесі 1 минуттан артық ашық болса, ашық есікше туралы ескерту сигналы бір рет естіледі, ол 1 минуттан кейін қайталанады.
- Егер есікше 3 минуттан артық ашық болса, ескерту сигналы үзіліссіз естіледі.
- Есікті жапқаннан кейін дыбыс басылады.

Егер ашық есікше туралы ескерту сигналы сөнбесе

Барлық есіктерді жапқаннан кейін ашық есікше туралы ескерту сигналы сөнбесе, бұл жарамсыздықты білдіреді.
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу сұрақтары бойынша SHARP сервис орталығына жүгініңіз.



Ашық есікше туралы ескерту сигналын уақытша сөндіру

- Бір мезгілде «F» және «R»батырмаларын басыңыз және оларды 3 немесе артық секунд бойы ұстаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал)
- Ашық есікше туралы ескерту сигналы шамамен 2 күннен кейін қайтадан естіледі.

Температураны басқару

Тоңазытқыш температураны автоматты түрде бақылайды. Бірақ төменде келтірілген нұсқауларға сәйкес сіз оны реттей аласыз.

Ағымдағы температура параметрлерін қалай тексеруге болады

Ағымдағы температура индикаторын іске қосу үшін «F» немесе «R» батырмаларын басыңыз.
Мұздату камерасы : «F» батырмасын басыңыз.
Тоңазыту камерасы: «R» батырмасын басыңыз.

Мұздату/тоңазыту камерасының параметрлерін теңшеу

Мұздату камерасы

1. «F» батырмасын басыңыз.



2. Температура деңгейін өзгерту үшін «F» батырмасын басыңыз.

Тоңазыту камерасы

1. «R» батырмасын басыңыз.



2. Температура деңгейін өзгерту үшін «R» батырмасын басыңыз.

• «F» немесе «R» батырманы басқан кезде индикатор төмендегі суретте көрсетілгендей өзгереді (**5→6→7→8→9→1→2→3→4→5**).

Ескертпе

Температураны реттеуден кейін индикатор шамамен 5 секундтан кейін сөнеді.

Деңгейі	Индикатор
1	MIN MAX COLDEST
2	MIN MAX COLDEST
3 Әдепкі түрде теңшелім	MIN MAX COLDEST
4	MIN MAX COLDEST
5	MIN MAX COLDEST

Мұздату/тоңазыту камерасы параметрлерінің кеңейтілген теңшелімі

Мұздату және тоңазыту камерасындағы температурасын 9 деңгейде реттеуге болады (**1 ~ 9** деңгей). Ол үшін **a** бастап **b** дейін әрекеттерді орындау керек.

Мұздату камерасы

a. Ең алдымен «F» батырмасын басыңыз.
«F» батырмасын ұстап, 3 немесе артық секунд бойы «Тез мұздату» батырмасын басыңыз.

Индикатор бастапқы күйіне қайтып оралады.





b. Температура деңгейін өзгерту үшін «F» батырмасын басыңыз.

Температураны 5 деңгейде реттеу үшін **a** бастап **c** дейін әрекеттерді орындаңыз.

Тоңазыту камерасы

a. Ең алдымен «R» батырмасын басыңыз.
«R» батырмасын ұстап тұрып, экспресс-мұздату батырмасын басыңыз және 3 секунд немесе одан артық уақыт ұстаңыз. (Сигнал, сигнал, сигнал)

Индикатор бастапқы күйіне қайтып оралады.





b. Температура деңгейін өзгерту үшін «R» батырмасын басыңыз.

Температураны 5 деңгейде реттеу үшін **a** бастап **c** дейін әрекеттерді орындаңыз.

• «F» немесе «R» батырманы басқан кезде индикатор төмендегі суретте көрсетілгендей өзгереді (**5→6→7→8→9→1→2→3→4→5**).

▭ … СӨНД. ▬ … Жанып тұр ≀▬≀ …Жыпылықтайды

Деңгейі	Индикатор
1	MIN MAX COLDEST
2	MIN MAX COLDEST
3	MIN MAX COLDEST
4	MIN MAX COLDEST
5 Әдепкі түрде теңшелім	MIN MAX COLDEST
6	MIN MAX COLDEST
7	MIN MAX COLDEST
8	MIN MAX COLDEST
9	MIN MAX COLDEST

Тамақ өнімдерін сақтау

- Тез бұзылатын тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін барынша ұзарту үшін ең балғын өнімдерді пайдалану керек. Төменде тамақ өнімдерінің сақтау мерзімін ұзарту жөніндегі жалпы нұсқаулар келтірілген.
- Тамақ өнімдерінің сақтау мерзімі шектелген. Өндірушімен белгіленген сақтау мерзімінен аспаңыз.

Мұздату камерасы

- Өнімдерді тез мұздату үшін оларды шағын порциямен мұздатыңыз.
- Тамақ өнімдерін жақсылап жауып, қақпағын жабу керек.
- Өнімдерді мұздату камерасында біркелкі етіп орналастырыңыз.
- Мұздатылған өнімдерді анықтау үшін пакеттерге немесе контейнерлерге заттаңбаларды жабыстырыңыз.

Тоңазытқыш

Жемістер/көкөністер
- Ылғалын жоғалтпау үшін жемістер мен көкөністерді қатты тартпай, пластикалық материалға, мысалы үлдірге немесе пакетке (тығыз жаппаңыз) орап, жемістер мен көкөністерге арналған контейнерге салу керек.
- Төмен температураларға сезгіш болатын жемістер мен көкөністерді салқын жерде, бірақ тоңазытқышта емес сақтау керек.

Сүт өнімдері және жұмыртқа
- Көптеген сүт өнімдерінің қаптамасында жарамдылық мерзімі және ұсынылған температура мен сақтау мерзімі көрсетілген.
- Жұмыртқаларды жұмыртқаларға арналған науада сақтаған жөн.

Ет/балық/құс еті
- Өнімдерді тәрелкеге немесе табаққа салыңыз және қағазбен немесе пластикалық үлдірмен жабыңыз.
- Еттің, балықтың немесе құс етінің ірілеу кесектерін сөрелердің артқы жағына қарай салыңыз.
- Дайын өнімдерді үлдірге тығыз орау керек немесе қымтақты контейнерге салу керек.

Тоңазытқыш ішінде конденсат түсуінің немесе қызылсу мұзының түзілуінің алдын алу жөнінде ұсынымдар

- Есікті тығыз жауып ұстаңыз. Құлаған өнім корпус пен есікшенің арасында саңылаудың түзілуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Өнімді сөреге немесе қалтаға қайтадан салыңыз.
- Есікшені барынша тез ашыңыз және жабыңыз. Конденсаттың немесе қызылсу мұзының түзілуі есікше ұзақ уақыт бойы ашық болуының немесе есікшені жиі ашып жабудың салдары болуы мүмкін.
- Сақталатын өнімдерді тағамдық контейнерлерге немесе тағамдық үлдірге орау керек (әсіресе, ылғалы жоғары өнімдерді айтатын болсақ).

Тамақ өнімдерін сақтау жөнінде ұсынымдар

- Салқындатушы ауаның тиімді айналуын қамтамасыз ету үшін өнімдерді сөрелер бойынша біркелкі салыңыз.
- Сақтау алдында ыстық тамақты суыту керек. Өнімдерді ыстық күйінде сақтау құрылғы температурасының көтерілуіне әкеп соқтырып, өнімдердің бұзылу қауіпін жасайды.
- Салқын ауаның айналу контурының шығарушы немесе кіргізуші саңылауын өнімдермен немесе контейнерлермен жаппаңыз, себебі осындай жағдайда тоңазытқыштағы өнімдердің біркелкі салқындау мүмкіндігі болмайды.
- Өнімдерді тура салқын ауаны шығаратынсаңылау алдында орнатпаңыз. Бұл өнімдердің қатып қалуына әкеп соқтыруы мүмкін.



⇦ КІРУ
➡ ШЫҒУ

Электр энергиясын үнемдеу жөніндегі ұсынымдар

- Тоңазытқышты жақсы желдетілетін жерде және желдету үшін саңылау қалдырыңыз.
- Тоңазытқышты тікелей күн сәулелерінің әсері болатын жерге немесе жылу беретін құрылғылардың жанында орнатпаңыз.
- Есікшені максималды еніне ашпауға талпыныңыз.
- Сақтау алдында ыстық тамақты суыту керек.
- Салқындатушы ауаның тиімді айналуын қамтамасыз ету үшін өнімдерді сөрелер бойынша біркелкі салыңыз.
- Осы модельдің энергия тұтыну деңгейі төменгі суреттерде көрсетілген.



Күтім көрсету және тазалау

Маңызды

Ішкі қабаттарда және пластикалық компоненттерде сызаттардың туындауын болдырмау үшін келесі ұсынымдарды орындаңыз

- Пластикалық компоненттерге жабысқан тағамдық майды сүртіңіз.
- Кейбір тұрмыстық химикаттар зақымдануларды тудыруы мүмкін, сондықтан тазарту үшін тек сұйылтылған жуғыш құралдарды (сабынды су) пайдаланыңыз.
- Беттік қабаттардан сұйылтылмаған зарарсыздандырғыш құралдарды немесе сабынды суды мұқият сүрту керек. Кері жағдайда пластикалық компоненттерде сызаттар пайда болуы мүмкін.

Тазалау

- Корпус пен есіктің керек-жарақтарын (мысалы, сөрелерді) алып тастаңыз. Оларды ыдыс жууға арналған сұйықтықтың жылы ерітіндісімен жуыңыз. Осынан кейін оларды таза сумен шайыңыз және кептіріңіз. (Көкөністер мен жемістерге арналған сөре ғана алынбайды)
- Ішкі қабаттарды ыдыс жууға арналған құралдың жылы ерітіндісімен суланған майлықпен сүртіп жіберіңіз. Кейін сабынды суды суық сумен мұқият кетіріңіз.
- Кірленген сайын сыртқы қабатты жұмсақ майлықпен сүртіп отырыңыз.
- Есіктің магнитті тығыздауышын тазарту үшін тіс шөткесін және ыдыс жууға арналған сұйықтықтың жылы ерітіндісін пайдаланыңыз.
- Басқару панелін құрғақ майлықпен тазартыңыз. <SJ-XG55PM,SJ-XG60PM>

Ескертпе

- Агрессивті тазартқыш құралдарды немесе еріткіштерді (лактар, бояулар, ажарлатуға арналған ұнтақ, бензин, қайнаға су және т.б.) пайдаланбаңыз.
- Қуаттау ашасын қайтадан қосар алдында оны суырып алғаннан кейін кемінде 5 минут күтіңіз.
- Әрбір шыны сөренің салмағы шамамен 3 кг болады. Корпустан шығарып алғанда және ауыстырғанда қатты ұстаңыз.
- Тоңазытқыш ішіне заттарды лақтырмаңыз және ішкі қабырға бойынша соқпаңыз. Бұл ішкі бет қабаттарында жарықтардың туындауына әкеп соқтыруы мүмкін.

Тасымалдау алдында

Буландырғыш тостағандағы суды сүртіп отырыңыз. Суды сүртер алдында, ашаны розеткадан суырып алғаннан кейін кемінде 1 сағат күтіңіз, себебі салқындату кезеңін қамтамасыз ететін жабдық өте қатты қызады. (Буландырғыш тостаған бұйымның артқы жағында орналасқан).



Салқындатушы блоктың мұзын еріту

Мұз еріткіш энергияны үнемдеудің бірегей жүйесі автоматты түрде жүргізеді (шамамен бір күнде бір рет). Мұз әзірлеу уақыт алады, себебі еріту уақытында ішкі температура әдеттегісімен салыстырғанда жоғары болады.

Камераның шамы жанып кетсе

Шам ауыстыру мәселелері жөнінде SHARP сервис агентімен хабарласыңыз. Шам ауыстыруды тек сервис қызметтерін көрсету жөніндегі қызметкер ғана жүргізуі тиіс.

Тоңазытқышты сөндіру

Егер тоңазытқыш сөндірілген күйінде ұзақ уақыт болса, зең өсуінің алдын алу үшін төменде сипатталған шараларды қолдану керек.

1. Барлық өнімдерді алып шағырыңыз.
2. Қуаттау ашасын розеткадан суырып алыңыз.
3. Ішкі қабаттарды тазартыңыз және мұқият кептіріңіз.
4. Толығымен кепкенше барлық есікшелерді ашық күйінде қалдырыңыз.

Сервис қызметіне жүгіну алдында

Сервис қызметіне қоңырау шалу алдында төмендегіні тексеріңіз.

Мәселе		Шешім
Корпустың сыртқы беті қызады.		Бұл қалыпты жағдай. Бұл корпуста түтік өтетініне байланысты болады, ол конденсаттың түзілуінің алдын алады.
Тоңазытқыш қатты шуылдайды.		Келесі дыбыстар қалыпты болып саналады: • Компрессор іске қосылғанда шуылдайды. -- Біраз уақыттан кейін ол жоғалады. • Компрессор күніне бір рет шуылдайды. -- Салқындатушы блок автоматты еріту рәсімін аяқтағаннан кейін бірден жұмыс істеу дыбысы туындайды. • Ағып тұрған сұйықтықтың дыбысы (бүлкілдеу, быжылдау) -- Дыбыс салқындатқыш агент құбырлар бойынша аққан кезде туындайды (әлсін-әлсін дыбыс қаттырақ болуы мүмкін). • Сатыр-сұтыр немесе сықыр, шиқыл -- Дыбыс салқындату барысында ішкі қабырғалар мен компоненттердің кеңеюімен және тарылуымен туындаған.
Тоңазытқыштың ішкі немесе сыртқы бетінде қызылсу мұзы немесе конденсат түзіледі.		Бұл төменде сипатталған жағдайлардың біреуінде орын алуы мүмкін. Қызылсу мұзын майлықпен, ал конденсатты — құрғақ майлықпен сүртіңіз. • Ауаның ылғалдылығы өте жоғары. • Есікшені жиі ашу мен жабу. • Ылғал мөлшері жоғары тамақ өнімдерін сақтау (осындай өнімдерді үлдірге орау қажет). • Осындай құбылыс маусымға (мысалы, жаңбыр маусымы), құрылғыны пайдалану тәсіліне және үйдегі қоршаған орта жағдайларына байланысты жиі немесе сирек болуы мүмкін.
Өнімдер тоңазыту камерасында мұздатылған.	SJ-XG60PG	• Тоңазытқыш тоңазыту камерасының реттегіші 0 °C етіп орнатылған температурасымен ұзақ уақыт жұмыс істеген шығар? -- Температура реттегішін кері қарай 3 °C ауыстырып орнатыңыз. • Тоңазытқыш мұздату камерасының реттегіші –21 °C етіп орнатылған температурасымен ұзақ уақыт жұмыс істеген шығар? -- Температура реттегішін кері қарай -18 °C ауыстырып орнатыңыз. • Тоңазыту камерасында температура 6 °C етіп орнатылса да, қоршаған ортаның төмен температура жағдайларында өнімдер қатып қалуы мүмкін.
	SJ-XG55PM, SJ-XG60PM	• Тоңазытқыш тоңазыту камерасында MAX COLDEST (МАКС. СУЫҚ) етіп орнатылған температура реттегішімен ұзақ уақыт жұмыс істеген шығар? -- Температура реттегішін басқа мәнге орнатыңыз. • Тоңазытқыш мұздату камерасында MAX COLDEST (МАКС. СУЫҚ) етіп орнатылған температура реттегішімен ұзақ уақыт жұмыс істеген шығар? -- Температура реттегішін басқа мәнге орнатыңыз. • Тоңазыту камерасында температура MIN (МИН.) етіп орнатылса да, қоршаған ортаның төмен температура жағдайларында өнімдер қатып қалуы мүмкін.
Камерада бөгде иістер бар.		• Қатты иісі бар өнімдерді орау керек. • Дезодоратор барлық иістерді кетіре алмайды.
Басқару панелі жұмыс істемейді. (SJ-XG60PG)		Бұл төменде сипатталған жағдайлардың біреуінде орын алуы мүмкін. • Панель немесе сіздің саусағыңыз тоң маймен, маймен және т. б. ластанған. • Сіз панельді қолғаптағы қолмен, лейкопластырь жабыстырылған саусақпен, тырнақпен немесе басқа заттармен ұстайсыз. • Батырмаларға жапсырма немесе таспа жабыстырылған. • Басқан кезде саусақтарыңыз батырмаларға түспейді. • Батырмалардың іске қосылуына уақыт өте аз.
Есікшелер ашық болса да, камералардың шамдары сөнеді.		• Камералар шамдарының іске қосылуы мен сөнуі ауыстырып қосқыш көмегімен жүзеге асырылады. Егер есікшенің орналасу бұрышы өзгерілмесе, есікше ашық болса да, шам сөнеді.	**Шам сөндіргіш** 
Пластикалық компоненттерде кейбір сызықтар бар.		• Бұл өндіріс ақаулары емес. Бұл өндіріс ақаулары емес. Резеңке материалының жанасатын бөлігі немесе металлды нысанның іргелес бөлігі сызықтарға ұқсас із қалдырады.	 **Сызық**

Егер сервистік қызмет қажет болса

Ең жақын орналасқан SHARP сервис агентіне хабарласыңыз.

SHARP

SHARP CORPORATION